

FTAXP 06.71.02  
ЭОЖ 338.22.021.1

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-73-80>

**Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,<sup>1\*</sup>**

э.ғ.к., профессор.

\*e-mail: rahmetulina\_zh@mail.ru

**А.С. КУЛМАГАНБЕТОВА,<sup>1</sup>**

экономика магистрі.

e-mail: kulalmira@mail.ru

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

## **КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **Андатпа**

Мақаланың мақсаты – кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің ақпараттық жүйесін ұйымдастыру мәселесін қарастыру. Елдің инновациялық әлеуетін басқару әр кәсіпорынның инновациялық әлеуетін зерттеу, дамыту және пайдалану бойынша жұмысты білдіреді, ол мемлекеттің инновациялық саясатының мақсаттарына сәйкес оларды дамытудың синергетикалық әсерін барынша арттыруға бағытталған. Мақалада авторлар интернеттегі макро және микро деңгейлердегі инновациялық әлеует деңгейінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесін жүзеге асыратын деректерді өңдеуге қажетті web-қызмет параметрлері жүйесі ретінде елдің инновациялық әлеуеті деңгейін бақылаудың ақпараттық жүйесін жасады. Авторлар жұмыста ел деңгейінде инновациялық әлеуетті мониторингтеудің осы ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі бойынша тәжірибелік ұсыныстар берді. Ақпараттық жүйенің артықшылығы – авторлар әзірлеген кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің деңгейін интегралды бағалау әдісін қолдану және алынған деректерді өзектендіру мүмкіндігі. Кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің мониторингін ақпараттық қамтамасыз ету тетігі Инновациялық даму паспортының деректері негізінде қалыптастырылған. Паспорттың құрылымы, оның мазмұны кәсіпорынның стратегиялық жоспарлау жүйесіндегі инновациялық әлеует мониторингінің ақпараттық базасын қалыптастыру мақсатында әзірленді.

**Тірек сөздер:** инновация, инновациялық әлеует, ақпараттық жүйе, даму, мониторинг, онлайн-режим, кәсіпорын.

### **Кіріспе**

Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуде, сондай-ақ оны табысты іске асыруда кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің жай-күйіне мониторинг ұйымдастыру басты рөл атқарады.

### **Негізгі ережелер**

Бұл мәселені шешу үшін біз инновациялық әлеует деңгейін бағалау туралы қорытынды есеп құжаты ретінде алынған мәліметтер негізінде кәсіпорынның инновациялық даму паспортын құруды ұсынамыз.

### **Әдебиетке шолу**

Инновациялық әлеуетті қалыптастыру, сонымен қатар оның дамуына әр түрлі факторлардың әсерін бағалауға Ауелбекова А.К. [1], Бержанова А. [2], Барбоса Н. [3], Буэса А. [4], Дубина И.Н. [5], Исмаилова Р. [6], Кенжебаева З. [7], Козлова Е.М., Кулагина Н.А. [8], Сагиева Р. [9], Сатыбалдин Ә. [10] сияқты ғалымдардың еңбектері арналған. Аталған авторлардың еңбектерінде инновациялық әлеуеттің деңгейін бағалау бойынша теориялық мәселелер келтірілген.

## Материалдар мен әдістер

Кәсіпорынның инновациялық даму паспортын ұйым құрылған сәттен бастап жүргізген жөн, бұл кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің әрбір құрылымдық компонентінің (кадрлық, қаржылық, өндірістік, ғылыми-техникалық) зерттелетін көрсеткіштерінің нақты және болжамды мәндерін есептеу үшін қажет. Бірыңғай ақпараттық базаның болуы өткен кезеңдер серпініндегі деректерге талдау жүргізу, ШОБ субъектілерінің инновациялық әлеуетін арттыру резервтерін әзірлеу, фирмааралық талдау жүргізу үшін ерекше өзекті [8].

## Нәтижелер

Осылайша, паспорт кәсіпорынның стратегиялық даму жоспарын қалыптастыру және түзету кезінде маңызды құжат болып табылады, өйткені кәсіпорынның инновациялық процесстерінің табысты жұмыс істеуіне жауапты барлық ішкі жүйелердің жай-күйі туралы объективті ақпарат береді. Демек, инновациялық даму паспортын жүргізу инновациялық даму саласында басқару шешімдерін қабылдаудың және кәсіпорынның инновациялық стратегиясын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

## Талқылаулар

Кәсіпорынның инновациялық даму паспортының құрылымы келесі элементтерді қамтуы керек:

1. Кәсіпорын туралы жалпы ақпарат.
2. Кәсіпорынның инновациялық әлеуеті жағдайының бағалық сипаттамалары. Бұл бөлімде қажетті тұжырымдар мен түсіндірмелері бар әрбір құрылымдық компонент бойынша кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалау жөніндегі есептеулердің нәтижелері егжей-тегжейлі сипатталуы тиіс.
3. Инновациялық дамуға, кәсіпорынның инновациялық әлеуетін арттыруға және олардың нәтижелілігіне бағытталған іске асырылған жобалар.
4. Кәсіпорынның инновациялық даму көрсеткіштері. Бөлімде кәсіпорынның инновациялық даму көрсеткіштері бойынша деректер ұсынылған, мысалы: енгізілген инновациялар саны; ҒЗТҚЖ қаржыландыру көлемі; ҒЗТҚЖ-ға күрделі шығындар; іске асырылған инновациялық жобалардың жалпы құны; инновациялық өнімді сатудан түскен түсім; инновациялық өнімді сатудан түскен таза пайда; инновациялық процесспен айналысатын қызметкерлер саны; кәсіпорында тіркелген патенттер саны [1].
5. Елдің экономикалық саясатын ескере отырып, кәсіпорынның инновациялық дамуының стратегиялық мақсаттары. Бөлімде инновациялық даму мақсаттарының құрамын, кәсіпорынның инновациялық дамуының негізгі бағыттарын, кәсіпорынның миссиясы мен оның стратегиялық мақсаттарына, сондай-ақ тұтастай елдің экономикалық саясатына қарай әзірленетін және енгізілетін инновациялардың сипатын айқындау қажет [2].

Инновациялық әлеуетті мониторингтеудің ақпараттық жүйесін ұйымдастыру жөніндегі практикалық ұсынымдар. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің деңгейі бизнес иелері, басшылар, жоғары органдар тарапынан реттелетін көрсеткіш болып табылатыны белгілі, сондықтан инновациялық әлеуетті белсенді түрде молайтуға, инновациялық өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) өндіруде көрсетілген барынша қайтарыммен пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған бейімдік басқару мақсатында көрсеткіштердің уақтылы мониторингін ұйымдастырған жөн [3, 4].


Қазіргі жағдайда басқаруда инновациялық ақпараттық технологияларды қолдану зерттелетін бағыттың сәтті дамуының міндетті шарттарының біріне айналатынын атап өткен жөн [9].

Мониторинг жүйесін құру инновациялық әлеуеттің маңызды аспектілерін (кадрлық, қаржылық, өндірістік, ғылыми-техникалық) егжей-тегжейлі қарастыруға, қоршаған ортаның өзгеретін факторларына байланысты олардың динамикасын зерттеуге, «әлсіз» жерлерді анықтауға, сондай-ақ макро және микродеңгейлерде өтемақы әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық резервтерді анықтауға мүмкіндік беретін дедуктивті қағидаға негізделген.

Инновациялық әлеует деңгейінің мониторингі тұрақсыздандыратын факторларды анықтау және жою мақсатында инновациялық әлеует көрсеткіштерінің мәндері туралы жүйеленген экономикалық есептілікті жасауға арналған бірыңғай ақпараттық жүйені білдіреді.

Бастапқы кезеңде инновациялық әлеует деңгейін бақылаудың макро және микродеңгейлерін бөліп көрсету керек [6–7].

Макродеңгей ел ауқымындағы инновациялық әлеует деңгейін бағалауды көздейді. Микродеңгей жеке субъектінің инновациялық әлеуетінің деңгейін бағалауды білдіреді. Макро және микродеңгейлердегі инновациялық әлеует деңгейін мониторингтеудің негізгі нысаналы мақсаттары 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Инновациялық әлеует деңгейі мониторингінің негізгі нысаналы міндеттері

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.

Макро және микродеңгейлердегі инновациялық әлеует деңгейін бақылау жүйесіне келесі талаптар қойылады: сенімділік, тиімділік, жүйелік көзқарас.

Елдің инновациялық дамуын мониторингтік зерттеу мынадай кезеңдерді қамтуға тиіс:

1. Жүргізілетін зерттеудің мақсаттарына сәйкес қажетті ақпаратты алу.
2. Кәсіпорындардың барлық құрылымдық компоненттерін талдауға негізделген инновациялық әлеуетіне бағалау жүргізу, сондай-ақ жоспарланған көрсеткіштерге сәйкестігін анықтау.
3. Кәсіпорындардың инновациялық саласының жағдайын талдау, күшті және әлсіз жақтарын анықтау.
4. Инновациялық дамуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігін бағалау.

Осылайша, елдің инновациялық әлеуетін басқару елдің инновациялық саясатының мақсаттарына сәйкес олардың дамуының синергетикалық әсерін барынша арттыруға бағытталған әрбір жеке кәсіпорынның инновациялық әлеуетін зерттеу, дамыту және пайдалану жөніндегі жұмыс болуы тиіс.

Қазақстанда инновациялық кәсіпорындарды дамытуға жауапты негізгі мемлекеттік орган ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып табылады. Аталмыш министрлік инновациялық дамуға талдау жүргізеді және елдің инновациялық даму перспективаларын анықтайды. Алайда кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің жай-күйіне тікелей мониторинг жүргізілмейді, бұл тұтастай алғанда елдің орнықты инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін негізгі алғышарт болып табылуға тиіс.

Осыған байланысты макро және микродеңгейлердегі инновациялық әлеует деңгейінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесін жүзеге асыратын деректерді өңдеуге қажетті ақпараттық веб-сервис параметрлерінің жүйесі ретінде елдің инновациялық әлеуеті деңгейінің мониторингінің ақпараттық жүйесін жасауға, сондай-ақ алынған деректерді өзектендіруге әрекет жасадық.

Елдің инновациялық әлеуеті деңгейін мониторингтеудің ақпараттық жүйесі (МАЖ) ақпаратты енгізудің, инновациялық дамудың негізгі көрсеткіштерін есептеудің және нәтижелерді графикалық және талдамалық нысанда ұсынудың ақпараттық web-сервистерін қамтитын Интернет желісіндегі ашық ресурс болып табылады. Ақпараттық жүйе микро және макродеңгейлердегі инновациялық әлеует деңгейін бақылау және бағалау процесін автоматтандыруға арналған.

Елдің инновациялық дамуын мониторингтік зерттеу құрылымындағы ақпараттық жүйенің орны 2-суретте көрсетілген.

МАЖ ақпараттық базасының негізі кәсіпорынның инновациялық даму паспорты болып табылады.

Жүйеге қажетті ақпаратты түсіру инновациялық әлеуеттің әр ішкі жүйесі үшін коэффициенттерді есептеу үшін қолданылатын индикаторларды енгізу нысанын толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Жүктелген деректер негізінде кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің құрылымдық компоненттерінің индексін есептеу жүргізіледі, сондай-ақ инновациялық әлеует деңгейінің кешенді интегралдық көрсеткіші шығарылады.


Сұрау бойынша пайдаланушыға талданатын көрсеткіштер бойынша графикалық түрде ақпарат ұсынылуы мүмкін. Гистограмманың мысалы 3-суретте көрсетілген.

Ақпараттық жүйенің деректер базасы елдің кешенді мониторинг жүйесі аясында қалыптастырылатын инновациялық әлеуеттің даму деңгейі туралы ақпаратты сақтауға және тұрақты түрде өзектендіруге арналған. Деректер базасы өңірлер бөлінісінде инновациялық әлеует деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді жинау, сақтау және пайдалану жөніндегі міндеттерді шешуге арналған.

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі		Ел деңгейінде инновациялық әлеуетті мониторингтеудің ақпараттық жүйесі
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Елдің инновациялық дамуының басым бағыттарын белгілеу</li> <li>- Инновациялық белсенді кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру</li> <li>- Ел экономикасындағы инновациялық процесстерді қаржыландыру</li> <li>- Инновациялық дамудың тиімділігін бақылау</li> <li>- Инновациялық саланың тұрақты дамуына ықпал ететін ұсыныстарды қалыптастыру</li> </ul>	←	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кәсіпорындардың инновациялық саласының жай-күйі және даму басымдықтары туралы ақпарат алу</li> <li>- Кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің сапалық жағдайын бағалау және талдау</li> <li>- Инновациялық дамуға бағытталған өткізілген іс-шаралар туралы есеп</li> <li>- Облыстар бойынша инновациялық саланың жай-күйі туралы есептер беру</li> </ul>

Сурет 2 – Елдің инновациялық дамуын мониторингтік зерттеу құрылымындағы МАЖ орны

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.




Сурет 3 – Интегралдық көрсеткіш мәнінің гистограммасының мысалы

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.

МАЗ модульдері толығымен қайта конфигурацияланады, бұл жүйені микро және макро-деңгейлердегі мониторингтік зерттеудің нақты мақсаттарына сүйене отырып нақтылауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, макродеңгейдегі инновациялық әлеует деңгейінің мониторингінің жалпы жүйесін жетілдірудің басым бағыттарының бірі ретінде стратегиялық баламаларды әзірлеу мақсатында даму деңгейі бойынша әкімшілік аудандарды инновациялық әлеует аймақтарына біріктіру процесін автоматтандыруды нақты іске асыру ұсынылады.

Кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің деңгейін басқару алгоритмі. Инновациялық әлеует деңгейін мониторингілеу жүйесі жалпы мониторинг жүйесінің микродеңгейінің негізі болып табылатын ШОБ субъектілерінің инновациялық әлеуетінің деңгейін басқару алгоритмін жетілдіру үшін маңызды болып табылады.



Сурет 4 – Инновациялық әлеует деңгейін басқарудың ұсынылатын жүйелік моделі

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.



Инновациялық әлеуетті басқару арқылы оны пайдалану және дамыту мақсатында кәсіпорынның инновациялық әлеуетіне тікелей әсер ету жүйесін түсіну қажет.

Ұсынылып отырған әдістеме бизнес субъектілерінің инновациялық әлеуетінің түрін сипаттайтын сапалық көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік береді (инновациялық әлеуеттің төмен, орташа, жоғары, өте жоғары деңгейі). Бұл 4-суретте көрсетілген шаруашылық жүйелерін инновациялық дамыту мақсатында инновациялық әлеует деңгейін басқарудың жүйелік моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық әлеует өзара байланысты құрылымдық компоненттердің (кадрлық, қаржылық, өндірістік, ғылыми-техникалық) күрделі жүйесін білдіретінін ескере отырып, әрбір компоненттің сапалық жай-күйінің өзгеруі инновациялық әлеуеттің барлық жүйесінің жаңа деңгейге өтуіне әкеп соғады. Мониторинг жүйесі кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің деңгейін көтерудің экономикалық әсерін есептеуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде инновациялық әлеует деңгейі бойынша әртүрлі аймақтар пайда болады. Олар әрбір аймақтың инновациялық әлеует ерекшелігіне қарай стратегиялық баламаларды жасау үшін қажетті аймақтың инфрақұрылымына бағытталады.

Нәтижесі инновациялық әлеуетті дамыту деңгейі бойынша жасалған аудандастыру картасы болып табылатын алгоритм сынақтан өткізілді.

### Қорытынды

Инновациялық даму паспортын құру мен жүргізудің басты міндеті – кәсіпорынның инновациялық саладағы нақты және ықтимал мүмкіндіктерін анықтау үшін, сондай-ақ тұтас-тай алғанда елдің инновациялық дамуын бақылаудың қолданыстағы жүйесін құру үшін, кәсіпорынның инновациялық дамуына мониторинг жүргізу үшін бірыңғай ақпараттық база құру екенін атап өту қажет. Кәсіпорындардың инновациялық әлеуеті мониторингінің ақпараттық жүйесін әзірлеу және тәжірибелік іске асырудың мақсаты елдің инновациялық даму мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ақпаратты және оны пайдалану мүмкіндіктерін жалпылау болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ауелбекова А.К., Рахметулина Ж.Б. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторларды жіктеу // Вестник университета «Туран». – Алматы, 2019. – № 4(84). – Б. 27–31.
- 2 Бержанова А.М., Кулмаганбетова А.С. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің инновациялық әлеуетін талдау // Central Asian Economic Review. – 2017. – № 4(117). – Б. 49–56.
- 3 Barbosa N., Faria A. Innovation across Europe: How important are institutional differences? // Research Policy. – 2011. – № 40(9). – P. 1157–1169.
- 4 Buesa A., Heijs J., Baumert T. The determinants of regional innovation in Europe: A combined factorial and regression knowledge production function approach // Research Policy. – 2010. – № 39(6). – P. 722–735.
- 5 Dubina I., Kulmaganbetova A., Rakhmetulina Zh., Tlessova E., Tulegenova C. Innovative potential of small and medium business // Entrepreneurship and Sustainability. – 2020. – Iss. 8(2). – P. 1286–1304. URL: [https://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.2\(76\)](https://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.2(76))
- 6 Ismailova R., Yesmagulova N., Japarova K. Assessment of innovations effectiveness in the manufacturing industry of Kazakhstan // Actual problems of economics. – 2016. – No. 9(183). – P. 54–59.
- 7 Kenzhebayeva Z., Toiganbayeva A., Akhmetova S. Problems of increasing the competitiveness of the national economy of the Republic of Kazakhstan // Actual problems of economics. – 2014. – No. 5(155). – P. 113–118.
- 8 Козлова Е.М., Кулагина Н.А. Система мониторинга инновационного потенциала на мезоуровне. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=39337789&>
- 9 Сагиева Р.К., Жупарова А.С., Рузанов Р.М., Саги Г.Г. Оценка эффективности использования интеллектуального потенциала в регионах Казахстана // Экономика: стратегия и практика. – 2020. – № 3(15). – С. 53–67.
- 10 Сатыбалдин Ә.Ә., Қорғасбеков Д.Р., Джунибекова Т.А. Қазақстан экономикасын инновациялық дамытудың жаңа мүмкіндіктері // Экономика: стратегия және практика. – 2019. – № 3(14). – Б. 9–26.

## REFERENCES

- 1 Auelbekova A.K., Rahmetulina Zh.B. (2019) Kәсіпорынның innovacijalyқ әлеуетіне әсер ететін факторларды зhiктеу // Vestnik universiteta «Turan». Almaty, No. 4(84), pp. 27–31.
- 2 Berzhanova A.M., Kulmaganbetova A.S. (2017) Qazakstan Respublikasyndary sharyn zhәne orta biznes sub#ektileriniң innovacijalyқ әлеуетін talдау // Central Asian Ecnomic Review. No. 4(117), pp. 49–56.
- 3 Barbosa N., Faria A. Innovation across Europe: How important are institutional differences? // Research Policy. 2011. No. 40(9), pp. 1157–1169.
- 4 Buesa A., Heijs J., Baumert T. The determinants of regional innovation in Europe: Acombined factorial and regression knowledge production function approach // Research Policy. 2010. No. 39(6), pp. 722–735.
- 5 Dubina I., Kulmaganbetova A., Rakhmetulina Zh., Tlessova E., Tulegenova S. (2020) Innovative potential of small and medium business // Entrepreneurship and Sustainability. Iss. 8(2), pp. 1286–1304. URL: [https://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.2\(76\)](https://doi.org/10.9770/jesi.2020.8.2(76))
- 6 Ismailova R., Yesmagulova N., Japarova K. (2016) Assessment of innovations effectiveness in the manufacturing industry of Kazakhstan // Actual problems of economics. No. 9(183), pp. 54–59.
- 7 Kenzhebayeva Z., Toiganbayeva A., Akhmetova S. (2014) Problems of increasing the competitiveness of the national economy of the Republic of Kazakhstan // Actual problems of economics. No. 5(155), pp. 113–118.
- 8 Kozlova E.M., Kulagina N.A. Sistema monitoringa innovacionnogo potentsiala na mezourovne. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=39337789&>
- 9 Sagieva R.K., Zhuparova A.S., Ruzanov R.M., Sagi G.G. (2020) Ocenka jeffektivnosti ispol'zovanija intellektual'nogo potentsiala v regionah Kazahstana // Jekonomika: strategija i praktika. No. 3(15), pp. 53–67
- 10 Satybaldin Ә.Ә., Қорғасбеков D.R., Dzhunisbekova T.A. (2019) Qazakstan jekonomikasyn innovacijalyқ damytudyң zhaңa мүmkindikteri // Jekonomika: strategija zhәne praktika. No. 3(14), pp. 9–26

**Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,<sup>1\*</sup>**

к.э.н., профессор.

\*e-mail: rahmetulina\_zh@mail.ru

**А.С. КУЛМАГАНБЕТОВА,<sup>1</sup>**

магистр экономики.

e-mail: kulalmira@mail.ru

<sup>1</sup>Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Нур-Султан

## ОРГАНИЗАЦИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЙ

### Аннотация

Цель статьи – рассмотрение вопроса об организации информационной системы инновационного потенциала предприятий. Управление инновационным потенциалом страны представляет собой работу по исследованию, развитию и использованию инновационного потенциала каждого предприятия, которая направлена на максимизацию синергетического эффекта их развития, соответствуя целям инновационной политики государства. В статье авторами разработана информационная система мониторинга уровня инновационного потенциала страны как система параметров web-сервиса, необходимого для обработки данных, реализующих методику расчета основных показателей уровня инновационного потенциала на макро- и микроуровнях в онлайн-режиме. В работе авторами даны практические рекомендации по функционированию данной информационной системы мониторинга инновационного потенциала на уровне страны. Преимуществом информационной системы является возможность использования разработанного авторами метода интегральной оценки уровня инновационного потенциала предприятия и актуализации полученных данных. Механизм информационного обеспечения мониторинга инновационного потенциала предприятий сформирован на основе данных Паспорта инновационного развития. Структура Паспорта, ее содержание разработаны с целью формирования информационной базы мониторинга инновационного потенциала в системе стратегического планирования предприятия.

**Ключевые слова:** инновации, инновационный потенциал, информационная система, развитие, мониторинг, онлайн-режим, предприятие.

**ZH.B. RAKHMETULINA,<sup>1\*</sup>**

c.e.s., professor.

\*e-mail: rahmetulina\_zh@mail.ru

**A.S. KULMAGANBETOVA,<sup>1</sup>**

master of Economic sciences.

e-mail: kulalmira@mail.ru

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Nur-Sultan

## **ORGANIZATION OF THE INFORMATION SYSTEM OF INNOVATIVE POTENTIAL OF ENTERPRISES**

### **Abstract**

The purpose of the article is to consider the organization of the information system of the innovative potential of enterprises. The management of innovative potential of the country is a research, development, and use of the innovative potential of each enterprise, which aims to maximize the synergistic effect of their development, meeting the objectives of the state's innovation policy. In the article, the authors have developed an information system for monitoring the level of innovation potential of the country as a system of parameters of a web service necessary for data processing, implementing the methodology for calculating the main indicators of the level of innovation potential at the macro and micro levels in the online mode. In this paper, the authors give practical recommendations for the functioning of this information system for monitoring innovation potential at the country level. The advantage of the information system is the possibility of using the method developed by the authors of the integrated assessment of the level of innovative potential of the enterprise and updating the data obtained. The mechanism of information support for monitoring the innovative potential of enterprises is formed on the basis of the data of the Passport of Innovative Development. The structure of the Passport and its content are designed to form an information base for monitoring the innovation potential in the strategic planning system of the enterprise.

**Key words:** innovation, innovation potential, information system, development, monitoring, online mode, enterprise.